**Жер қойнауын пайдаланудың кейбір мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 6 қазандағы N 1024 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісім-шарттарды жасасу мерзімдері туралы лицензиялардың шарттарының бұзылуына байланысты Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығына арналған бұрын берілген лицензиялар қайтарылып алынсын.

2. "Жер қойнауын пайдалану құқығына арналған лицензияларды қайта ресімдеу және оларға өзгерістер енгізу, жер қойнауын пайдалану құқығына арналған лицензияларды қайтарып алу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 14 наурыздағы N 348 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін: көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

реттік нөмірі 5-жол алынып тасталсын.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі осы қаулының орындалуы жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 6 қазандағы N 1024 қаулысына қосымша

**Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығына арналған қайтарылып алынатын лицензиялардың тізбесі**

| N | Лицензия (сериясы, нөмірі, берілген күні) | Жер қойнауын пайдаланушы | Лицензияның атауы, жер қойнауын пайдалану объектілерінің орналасқан жері (лицензияны беру сәтіндегі жағдай бойынша) | Ескерту (лицензиялық шарттардың бұзылуы) |
|---|---|---|---|---|

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Сериясы МГ N 808 (уран) 1996 жылғы 8 қаңтар | "Целинный тау-кен-химия комбинаты" мемлекеттік холдинг ком. паниясының N 5 руда басқармасы | Көкшетау облысының Айыртау ауданында Грачевское кен орнының уран рудаларын өндіру | Өндіруге арналған келісім-шарт жасалмаған (6.1-тармақша) |
| 2 | Сериясы АИ N 1528 1999 жылғы 4 наурыз | "Қазатом. өнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" жабық акционерлік қоғамы | Солтүстік-Қазақстан облысының Уәлиханов ауданында Семізбай кен орнының уранын өндіру | Өндіруге арналған келісім-шарт жасалмаған (5-тармақ) |
| 3 | Сериясы МГ N 1264 (никель, кобальт) 1997 жылғы 5 наурыз | "Концерн ЕЛРОВО" ашық үлгідегі акционерлік қоғамы | Ақтөбе облысының Ленинск ауданында Жосалы кен орнының силикатты никель-кобальт рудаларын өндіру | Өндіруге арналған келісім-шарт жасалмаған (6.1-тармақша) |
| 4 | Сериясы ГКИ N 1385 (алтын, түсті және сирек кездесетін металдар) 1998 жылғы 19 ақпан | "Полигон ресурстары" жауапкер. шілігі шектеулі серіктес. тігі | Шығыс-Қазақстан облысындағы Балықты аймағының алтынын, түсті және сирек кездесетін металдарын барлау | Өндіруге арналған келісім-шарт (6.1-тармақша) (7.1-тармақша) |
| 5 | Сериясы АИ N 1532 1999 жылғы 10 қыркүйек | "РЭП барлау пайдалану кәсіпорны" жауапкер. шілігі шектеулі | Қарағанды облысындағы Төменгі Қайрақты байыту фабрикасының техногенді минералды пайда болуларын өндіру | Өндіруге арналған келісім-шарт (7.1-тармақша) (5-тармақ) |

с е р т е к т е с .
т і г і

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК